

Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алыш қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қантардағы № 722 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27-1) тармақшасына және "Жеке басты куәланыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алыш қою, есепке алу, сақтау және жою қағидалары ;

2) Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесі бекітілсін.

Алты ай ішінде тексеру жүргізіліп, осы тармақта көрсетілген тізбеге кірмейтін адамдарға бұрын берілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары алынсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының дипломаттық және қызметтік паспорттарын беру, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 150 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 54, 763-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының дипломаттық және қызметтік паспорттарын беру, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 150 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 460 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 9, 182-құжат).

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2014 жылғы 13 қантардағы

**Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою**

**ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жоюдың осы қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Занына және "Жеке басты куәланыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес өзірленді әрі Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты - өзіне

жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасынан шыққан, одан тыс жерлерде тұрған кезде және Қазақстан Республикасына келген кезде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәланыратын құжат;

2) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты - өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасынан шыққан және келген, одан тыс жерлерде тұрған кезде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәланыратын және оның иесінің ресми мәртебесін растайтын құжат.

3) уәкілетті адам - паспорт иесі немесе іссапарға жіберуші орган паспортты ресімдеу мен алу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруға уәкілеттік берген осы органның қызметкері;

4) іссапарға жіберуші орган - өз қызметкерін шетелдік іссапарға жіберетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды немесе ұйымы;

5) жауапты қызметкер - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) паспортты ресімдеу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыратын қызметкері;

6) өтінімхат – мемлекеттік орган басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның не аппарат басшының (белгіленген тәртіппен өзіне аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамның) қолы қойылған іссапарға жіберуші органның фирмалық бланкідегі хаты;

7) иесі — өзіне дипломатиялық және қызметтік паспорт ресімделген адам.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

3. Қазақстан Республикасының дипломатиялық немесе қызметтік паспортын (бұдан әрі - паспорт) шетелге жеке сапарлар үшін пайдалануға жол берілмейді.

4. Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады және тегін ресімделеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан әлемнің барлық мемлекеттеріне шығу үшін жарамды болып саналады.

5. Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) сәйкес паспортты Министрлік береді.

Тізбеде көрсетілмеген адамдарға Қазақстан Республикасының Президентімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспортын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің беруіне жол беріледі.

6. Паспорт бес жыл мерзімге беріледі.
7. Паспорттардың бланкілері Министрліктің өтінімдері бойынша жасалатын қатаң есептілік құжаттары болып табылады.
8. Паспорттарды ресімдеуді, беруді, ауыстыруды, тапсыруды, алыш қоюды, есепке алушуды, сақтауды және жоюды Министрлік жүзеге асырады.

## **2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алыш қою, есепке алу, сақтау және жою тәртібі**

9. Паспортты ресімдеу үшін іссапарға жіберуші орган уәкілетті адам арқылы Министрлікке мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімхат;
- 2) іссапарға жіберуші органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) күәландырған іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі;
- 3) паспорт беруге толтырылған өтініш (бұдан әрі — өтініш);
- 4) 3,5 x 4,5 мәлшеріндегі түрлі-түсті екі фотосурет. Фотосурет азаматтың құжатты ресімдеу сәтіндегі жасына сәйкес болуы, жарық фонда тікелей алдынан түсірілген болуы тиіс, әрі адамның беті фотосуреттің жалпы ауданының 70-80%-ға жуығын алуы тиіс. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке күәлігінің немесе паспортының көшірмесі.

10. Құжаттарды қабылдаған кезде Министрліктің жауапты қызметкері өтініште көрсетілген деректердің жеке басын күәландыратын құжаттардың деректерімен сәйкестігі түрғысынан салыстырып тексереді.

11. Басқа паспорт болған кезде паспорттарды ресімдеуге:
  - 1) шет мемлекетке кіру үшін кедергі болатындаш шетелдік виза болған;

- 2) қысқа мерзімде бірнеше мемлекеттің визаларын алу қажет болған;
- 3) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің, оның орынбасарларының немесе Министрліктің аппарат басшысының жазбаша нұсқауы болған жағдайларда жол беріледі.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 18.01.2021 № 495 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

12. Паспортты ресімдеу мерзімі осы Қағидалардың 9-тармағында  
көрсетілген құжаттар түсken сәттен бастап 5 жұмыс күніне дейінгі мерзімді қурайды.

13. Паспортты уәкілетті адамға беру Қазақстан Республикасы  
азаматының жеке қуәлігін немесе паспортын көрсеткен кезде паспорттарды беру журналына қол қойғызу арқылы жүзеге асырылады.

14. Министрліктің мұрағатынан паспорттарды беру уәкілетті адам  
арқылы ұсынылған, іссапарға жіберуші органның осы Қағидаларға 1-қосымшада  
көзделген іссапарға жіберу туралы деректер көрсетілген жазбаша өтініші мен іссапарға  
жіберуші органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қуәландырылған іссапарға  
жіберу туралы бұйрықтың немесе қызметкердің шетелдік іссапарға жіберілетінін  
растайтын өзге құжаттың көшірмесі негізінде жүзеге асырылады. Уәкілетті адам  
паспортты алғаннан кейін оны дереу иесіне береді.

15. Паспортты аудиоформалды осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген құжаттар  
ұсынылғаннан кейін Министрліктің жаупапты қызметкери жүргізеді.

Паспортты тапсыру уәкілетті адамның оны Министрлікке ұсынуы жолымен  
жүргізіледі.

Паспорт:

1) онда "Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы  
Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабы 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7  
) және 8) тармақшаларында көрсетілген деректер болмаған;

2) оның қолданылу мерзімі өткен;

3) Заңының 7-бабының 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында  
көрсетілген деректерді не құжаттың қорғау дәрежесін сәйкестендіру мүмкін болмаған;

4) жоғалған, уәкілетті адам Министрлікке паспорттың жоғалғаны туралы тиісті  
өтініш берген күннен бастап (табылған паспорт Министрлікке тапсырылады және  
жойылуға жатады);

5) иесінің құқықтық мәртебесіне сәйкес келмеген;

6) жынысын өзгерткен жағдайларда жарамсыз болып танылады.

Жарамсыз паспорттар аудиоформалда жатады.

16. Паспортты алып қоюды Министрлік жүргізеді. Осы Қағидалардың 15-  
тармағында көзделген жағдайларда Министрлік паспортты талап етеді.

Паспорт иесіне паспортты мұрағатқа тапсыру қажеттігі туралы ауызша немесе жазбаша хабарлау жолымен талап етіледі. Уәкілетті адам немесе іссапарға жіберуші орган паспорты он күн мерзім ішінде тапсырмадан жағдайда Министрлік Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне паспортты жарамсыз деп тану туралы ақпарат жібереді. Министрліктің жазбаша өтініші негізінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі паспортты мемлекеттік шекарадан өту кезінде алып қояды, одан кейін паспорт Министрлікке жолданады.

17. Азаматтар шетелдік сапардан оралғаннан кейін, паспорт иесі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасынан тыс жерге қайта шықпайтын болса, ол он күн мерзімде Министрліктің мұрағатына тапсырылуы тиіс. Паспортты тапсыру негізсіз кідіртілген жағдайда Министрлік оны жарамсыз деп таниды.

18. Паспорттарды есепке алушы Министрліктің материалдық-жауапты адамы деректерді (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, ұлты, жұмыс орны, лауазымы, шығатын елі, паспорт нөмірі, паспорт түрі, паспорттың тұрған жері, берілген күні, қайта тіркелуі) электрондық базага енгізу жолымен жүргізеді, бұдан кейін паспорт әліпби тәртібімен Министрліктің мұрағатына орналастырылады.

19. Паспорт шетелде жоғалған жағдайда оның иесі бұл туралы болу мемлекеттің құқық қорғау органдарына және Қазақстан Республикасының жақын жердегі шетелдегі мекемесіне, ал егер жоғалу, ұрлану Қазақстан Республикасының аумағында орын алса - Министрлікке және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына дереу мәлімдейді.

Жоғалған, ұрланған паспорттың орнына жаңа паспорт беру жоғалғаны, ұрланғаны туралы ақпарат тексерілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі белгілеген тәртіпте жүргізіледі.

20. Паспорттарды сактау Министрліктің мұрағатында жүргізіледі.

Паспортпен бірге паспорты есепке алу карточкасы сакталады, ол паспорт берілген кезде мұрағатта қалады.

21. Паспорт:

- 1) оның жарамдылық мерзімі өткен;
- 2) оны ресімдеу кезінде техникалық қателіктер жіберілген;
- 3) ол жарамсыз деп танылған жағдайларда жойылуға жатады.

Паспортты жою туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады. Ережесі мен құрамы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бұйрығымен бекітілетін комиссия мүшелері актіге қол қояды.

Қазақстан Республикасының  
дипломатиялық және қызметтік  
паспорттарын ресімдеу, беру,  
ауыстыру, тапсыру, алып қою,  
есепке алу, сактау және жою

қағидаларына  
1-ҚОСЫМША

Іссапарға жіберуші үйымның бланкісінде  
паспортты (дипломатиялық, қызметтік) ресімдеу үшін

№

20 \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
СЫРТҚЫ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ

... (ел) шығу үшін паспорт (дипломатиялық, қызметтік) ресімдеуді/беруді сұраймыз:  
Т.А.Ә. - лауазымы

Шығуы жылы/күні/айы,... күн (жыл) мерзімге жоспарланған

Маршруты:

Баратын қалалар:

Сапардың мақсаты:

Шығуының негізі:... (үйымның атауы) шақыруы бойынша

Сапарды:... (үйымның атауы) қаржыландырады

Қосымша:

1) іссапарға жіберуші органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)  
куәландырған іссапарға жіберу туралы бүйрықтың немесе өзге құжаттың көшірмесі;

2) паспорт беруге толтырылған өтініш;

3) 3,5 x 4,5 мәлшеріндегі түрлі-түсті екі фотосурет;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспортының көшірмесі

Үйымның басшысы Қолы Т.А.Ә.\_\_\_\_\_ /

Мөрдің орны

Орындаушы: Т.А.Ә.

Телефон:

Қазақстан Республикасының  
дипломатиялық және қызметтік  
паспорттарын ресімдеу, беру,  
ауыстыру, тапсыру, алып қою,  
есепке алу, сақтау және жою

қағидаларына  
2-ҚОСЫМША

Дипломатиялық/қызметтік паспортты жою актісі  
"Бекітемін"

паспортты беруге жауапты  
құрылымдық бөлімшениң  
басшысы

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

20 \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"

Қатаң есептіліктегі бұлғын бланкілерді жою туралы

**АКТ**

Біз, төменде қол қоюшылар

1. \_\_\_\_\_,

(лауазымы) Т.А.Ә.

2. \_\_\_\_\_,

(лауазымы) Т.А.Ә.

3. \_\_\_\_\_

(лауазымы) Т.А.Ә.

№ \_\_\_\_ паспорттардың бланкілері жойылғаны туралы осы актіні жасадық.

Қосымша: жойылған паспорттар бланкілерінің көшірмелері.

---

қолы, Т.А.Ә.

---

қолы, Т.А.Ә.

---

қолы, Т.А.Ә.

Орынд.: Тегі, аты

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2014 жылғы 13 қаңтардағы

№ 722 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін  
Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесі**

**Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты берілетін адамдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбеке өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 21.04.2014 N 807; 27.10.2016 № 362 (04.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі және 31.12.2017 дейін қолданылады); орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Президентінің 05.05.2017 № 471; 03.10.2017 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілдеді); 05.07.2019 № 54 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2021 № 615; 02.01.2023 № 78 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 12.01.2025 № 779 (06.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі)  
Жарлықтарымен.

1. Алып тасталды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.
  2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасы мүшелері.
  - 2-1. Қазақстан Республикасының экс-Президенттері.
  3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.
  4. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы.
  5. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы.
  6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі.
  7. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы.
  8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы.
  9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы.
  10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы.
  - 10-1. Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары.
  11. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы.
  12. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары.
  - 12-1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты Төрағасының орынбасары.
  13. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы.
  - 13-1. Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы.
  - 13-2. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері.
  - 13-3. Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері.
- 14. Алып тасталды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**
15. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы.
  16. Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілдері, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасарлары.
  17. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы.
  18. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары.
  - 18-1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы және оның орынбасарлары.

**19. Алып тасталды - ҚР Президентінің 03.10.2017 № 555 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілдеді).**

    20. Астананың, республикалық маңызы бар қаланың және облыстардың әкімдері.
    21. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары.
    - 21-1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары.
    22. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметінің бастығы, Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Сыртқы саясат бөлімінің менгерушісі.

24. Алып тасталды - ҚР Президентінің 03.10.2017 № 555 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілдеді).

25. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының сыртқы байланыстар мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы.

26. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің көмекшісі.

27. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері (жұбайы/зайыбы, балалары).

27-1. 04.03.2016 бастап 31.12.2017 дейін қолданыста болды - ҚР Президентінің 27.10.2016 № 362 Жарлығымен.

28. Қазақстан Республикасынан жіберілетін халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері (жұбайы/зайыбы, балалары).

29. Әскери атташeler, олардың көмекшілері және олардың отбасы мүшелері (жұбайы/зайыбы, балалары).

29-1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріндегі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының ресми өкілдері, олардың көмекшілері және олардың отбасы мүшелері (жұбайы, балалары).

30. Ұзақ мерзімді шетелдік іссапарға немесе халықаралық ұйымға Қазақстан Республикасынан жіберілетін қызметкер ретінде жұмысқа баратын Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты иесімен бірге шыққан жағдайда, оның асырауындағы адамдар.

31. Біріккен Ұлттар Ұйымының әскери байқаушылары және штаб офицерлері ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік операцияларына қатысуышылар.

32. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Астана" халықаралық қаржы орталығының бірінші басшылары.

33. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетінің президенті.

### **Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты берілетін адамдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбеке өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 21.04.2014 N 807; 29.08.2014 N 900; 29.12.2015 № 158; 05.10.2016 № 349; 03.10.2017 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілдеді); 18.02.2019 № 843; 22.07.2019 № 74; 20.02.2021 № 515; 18.05.2022 № 895; 23.02.2024 № 487 Жарлықтарымен.

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер

лауазымдарының тізіліміне сәйкес дипломатиялық паспорт алуға құқығы жоқ мемлекеттік саяси қызметшілер.

3. Дипломатиялық паспорт алуға құқығы бар адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес "А" корпусының лауазымындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.

4. Дипломатиялық паспорт алуға құқығы бар адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінің А және В санаттарының, "Б" корпусының С-1, С-2, С-3 санаттарының лауазымындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.

4-1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне іссапарға бару тәртібімен тағайындалған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлері.

5. Аумақтық органдардың қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің), Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі экономикалық тергеп-тексеру қызметінің офицер атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы бар және (немесе) құқық қорғау қызметін іске асыратын қызметкерлері.

5-1. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауга қатысатын әскери қызметшілер.

6. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің жұмыскерлері, олардың отбасы мүшелері.

7. Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық даму институттары, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер атқарушы органдарының бірінші басшылары.

7-1. Қазақстан Республикасы "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының бірінші басшысы, "Атамекен" өнірлік кәсіпкерлер палаталарының бірінші басшылары және "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының өнірлік директорлары.

7-2. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетіне кіретін спорт федерацияларының бірінші басшылары.

8. Қазақстан Республикасы ресми делегацияларының халықаралық ұшып өтуін қамтамасыз ету үшін тартылатын қазақстандық авиакомпаниялардың ұшқыш-техникалық персоналы.

9. Осы тізбенің 7-тармағында көрсетілген ұйымдардың шет мемлекеттердегі өкілдіктеріндегі қызметкерлер мен олардың жұбайы/зайыбы, балалары, сондай-ақ олардың асырауындағы адамдар.

10. Ұзақ мерзімді шетелдік іссапарға немесе халықаралық ұйымға Қазақстан Республикасынан жіберілетін қызметкер ретінде жұмысқа баратын Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты иесімен бірге шыққан жағдайда, оның асырауындағы адамдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК